

## ИТОГИ ПРОИЗВОДСТВА ЗА 2022 ГОД



2

Не допустить трагедии  
на производстве

3



Аманат бастауыш  
партия ұйымы жиын өткізді

4



# Итоги производства за 2022 год

По итогам производственной деятельности ТОО «Атырауский НПЗ» за 2022 год, при утвержденном Министерством энергетики РК плане переработки **5 312,743 тысячи тонн**, фактически переработано **5 224,330 тысяч тонн**. Годовой план выполнен на **98%**. План по выходу светлых готовых нефтепродуктов от общего объема переработки сырья за год – на **97%**.

**Производство и отгрузка социально значимых нефтепродуктов за 2022 год:**  
высокооктановые бензины марок АИ-92, АИ-95, АИ-98 – **1 260,902 тысячи тонн**;  
дизельное топливо экологических классов К-4, К-5 – **1 468,541 тысяча тонн**;

сжиженный газ – **125,855 тысяч тонн**,  
реактивное топливо – **132,013 тысяч тонн**.

Также произведено и отгружено на экспорт продуктов нефтехимии: бензола **9,321 тысяча тонн** и параксилола **76,157 тысяч тонн**.

Причину неисполнения плана отгрузки отдельных видов нефтепродуктов специалисты АНПЗ связывают, в основном, с переносом планово-предупредительного ремонта на более поздний срок и продолжительным пуско-наладочным процессом вывода на стабильный режим технологических установок в зимний период времени при минусовых температурах.



## ФОРУМ

### АМӨЗ–дің ұжымдық шарты үздік деп танылды

Ағымдағы жылдың 27 қаңтарында елордада ҚР Кәсіподақтар федерациясының ұйымдастыруымен «Жаңа қоғамдық келісім: әділетті еңбек қатынастары» атты форум өтті. Форум әлеуметтік әріптестік жылы аясында өткізіліп, 2022 жылдың қорытындысына арналды.

Форумға Кәсіподақтар федерациясының және оның мүше ұйымдарының кәсіподақ көшбасшылары, Әзірбайжан, Молдова және Түркия ұлттық кәсіподақ орталықтарының басшылары, халықаралық еңбек ұйымы мен халықаралық кәсіподақтар конфедерациясының өкілдері, сондай-ақ әлеуметтік әріптестер қатысты.

Форум аясында «2022 жылдың үздік ұжымдық шарты» республикалық байқауының қорытындысы шығарылды. Байқауға бастауыш кәсіподақ ұйымдары қатысқан еді. Салалық кәсіподақтардың конкурстық комиссиялары 10 жеңімпазды анықтады. Олардың қатарына ілескен АМӨЗ–дің ұжымдық шарты үздік деп танылды.

Аталмыш форумда зауытымыздың бас директоры Мұрат Досмұратов былай деді: «2022 жылдың қорытындысы бойынша «Атырау МӨЗ» ЖШС-де зауыт жұмыскерлері мен мердігерлер арасында өндірістік жарақаттану фактілері тіркелген жоқ, ҚЖЕК бойынша барлық көрсеткіштер орындалды. Бұл бүкіл зауыт ұжымының ортақ жетістігі және бұл бағытта кәсіподақпен бірлесіп жұмыс жалғасын таба береді. Сондай-ақ өндірістік жарақаттардың алдын алу, қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды күшейтудің басты құралдарының бірі – «Қорғау» жобасын енгізу болып табылады. Бұл жоба Near Miss қауіпті жағдайларды анықтау мен тексеруге, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау және зауыттың құрылымдық бөлімдерінде өндірістік тәртіп мәселелері бойынша бақылауды күшейтуге бағытталған».

Бұдан бөлек, ол ҚР-ның заңнамасына сәйкес өндірістік кеңес пен еңбекті қорғау

бойынша техникалық инспекторлар институты табысты жұмыс істейтінін атап өтті. Ашығын айтсақ, 2022 жылы кәсіби білімдерін тереңдету мақсатында 4 040 жұмысшы оқудан өткен. Жалпы 2022 жылы қызметкерлерді оқытуға 98 млн тг қаражат жұмсалған.

Сондай-ақ ҚРКФ төрағасы Сатыбалды ДӘУЛЕТАЛИН атынан зауытымыздың бас директоры Мұрат ДОСМҰРАТОВҚА «Үздік әлеуметтік әріптес», кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғалымжан АМАНТУРЛИНГЕ «Еңбек озаты» медальдері табысталды.

Іс-шарада ҚРКФ төрағасы Сатыбалды Дәулеталин жұмыс істейтін азаматтардың табысын бөлудегі теңсіздік пен кедейшілік мәселесін шешуде кәсіподақтардың рөлі ерекше екенін атап өтті.

«Біздің мақсатымыз – көпшіліктің мүддесі үшін, яғни бүкіл қоғамның тұрақты дамуының мүддесі үшін ұлттық табысты қайта бөлуге белсенді түрде ықпал ету. Әлеуметтік әділеттілікті алға бастыру – бүгінгі күні кәсіподақтардың алдында тұрған міндет», – деді ол.

Бұған қоса, ол ауыр, зиянды және қауіпті жағдайларда еңбек ететін жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу мәселесіне көңіл бөлді.

«Үкімет құзыретіне еңбек жағдайларын зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша жіктейтін арттырушы салалық коэффициенттерді есептеу әдістемесін бекітуді ұсынып отырмыз. Мәселелерді шешу тек заңнамаға түзетулер енгізуде ғана емес, ең алдымен, қолданыстағы тәртіптің сөзсіз және толық орындалуында екені анық», – деп нақтылады Кәсіподақтар федерациясының төрағасы.



## ЧЕЛОВЕК ТРУДА

### Планы Мергенбая Аккалиева

Мергенбай АККАЛИЕВ 31 год работает на АНПЗ слесарем по обслуживанию сооружений теплосетей ПТиЭЭ. «И никогда не хотел сменить свою профессию?» – удивляюсь я. «Нет, – говорит. – Я здесь при- вык, я здесь всё знаю».



Обычный сельский парень после 8 класса приехал в областной центр Гурьев, чтобы учиться в профтехучилище №37. Освоил профессию водителя автокрана. После училища ушел в армию, по возвращении год работал водителем. А потом решил пойти на нефтеперерабатывающий завод.

– Водить любил и люблю, а вот с автокранами не сложилось – не мой вид транспорта, – озорно улыбается Мергенбай. – Кто-то тогда сказал, что на заводе работники нужны, ну, я оставил свою прежнюю работу и пошел на завод. Это был 1992 год.

29-летний Мергенбай вначале устроился дежурным слесарем котельного цеха заводской ТЭЦ.

– Руководителем ТЭЦ тогда был Антроп Азопович ХРЕСТОКЬЯНЦ, начальник цеха – Адайбай ТАЖИБАЕВ, а моим наставником был Равиль МУРАДОВ, три месяца он учил меня всему, что знает, а потом сказал: теперь давай сам. Хорошие были люди, профессиональные, – вспоминает М. Аккалиев.

Так вот сам по выбранному пути и шел: завод он знает хорошо, а свое дело – отлично.

– Водовод, паропровод, трубопровод, теплосети, насосы – это мой рабочий мир и моя ответственность. Может быть, кому-то покажется, что это скучно и однообразно, но не мне. Я заступаю на смену, иду на обход, чтобы проверить состояние теплосетей, чистоту тепловых камер. Под нашим контролем состояние запорной арматуры, дренажей, контрольно-измерительных приборов и компенсаторов на закрепленном маршруте, – перечисляет Мергенбай. – Нужно зарегистрировать показания приборов в контрольных точках, провести ревизию и ремонт фланцевой запорной арматуры. Помимо этого, в нашей компетенции слесарная обработка узлов и деталей, а еще такелажные работы по перемещению, сборке и установке узлов, деталей и элементов оборудования. Вот ты понимаешь, о чем я

говорю? Вооот. А я здесь всё знаю, как устроено.

И на работе не раз вручали ему заслуженные медали и грамоты, а недавно, в 2021-м, получил он звание «Ветеран завода».

Дома Мергенбай тоже не скучает: он дедушка семерых внуков от двоих сыновей. Один сын с семьей живет вместе с родителями, тоже работает на заводе. Второй – самостоятельный, отделился и живет своим домом, ведет своё хозяйство. Супруга Айжан 30 лет отдала работе воспитателем в детском саду.

Любит Мергенбай ага собрать удочки и бур и поутру выйти на реку.

– Порыбачить хоть зимой, хоть летом люблю. Сам процесс приятный, успокаивает. Азарта я не испытываю тут, рыбу и на рынке купить можно, а вот подумать о жизни на природе – это другое дело, порасуждать и поспорить с самим собой, – Мергенбай ненадолго задумывается, а потом рассказывает о том, как любит он чистоту и порядок на полках построенного недавно гаража, где чинит машины. Любит принимать своих друзей, недавно с одноклассниками отмечал свой 60-летний юбилей. Любит Мергенбай Аккалиев четкий план, и есть у него задумка через пару-тройку лет перебраться жить в частный дом, подальше от суеты и города, чтобы скот был и деревья фруктовые во дворе. И нежно, по-особенному, любит он своих внуков и свою семью: «внуки для меня много значат, да и что я без своей семьи? Выйду на пенсию и буду возиться с ними».

Удачи Вам, Мергенбай!



# Не допустить трагедии на производстве

**Внеплановые совещания провела Служба БиОТ с работниками ТОО «АНПЗ», руководящим составом подрядных и аутсорсинговых организаций по фактам несчастных случаев со смертельными исходами в ТОО «ПетроКазахстанОйлПродактс» (г. Шымкент). Оба случая связаны с транспортом.**

Совещание с подрядными компаниями прошло под председательством генерального директора ТОО «АНПЗ» Мурата ДОСМУРАТОВА.

Главный технический руководитель по ОТ – начальник службы Арман ДИМУКАШЕВ рассказал, что один из сотрудников ПКООП получил смертельные травмы в результате ДТП, произошедшем на территории завода – вследствие нарушения водителем правил ДД, который не учел дорожные и метеорологические условия при движении по территории завода. Второй случай произошел из-за несоблюдения мер безопасности при эксплуатации грузоподъемных машин и оборудования: в результате падения стрелы крана-манипулятора погиб бригадир слесарей-монтажников одной из подрядных компаний.

По обоим фактам создана специальная комиссия, детальные причины и обстоятельства инцидентов выясняются.

А. Димукашев обратился к руководителям и ответственным лицам по БиОТ подрядных и аутсорсинговых организаций с требованием строгого соблюдения мер техники безопасности, выполнения необходимых своевременных профилактических мероприятий и недопущения несчастных случаев на производстве.

Он озвучил статистику нарушений, выявленных в период усиления транспортной безопасности на территории атырауского нефтеперерабатывающего завода, и назвал следующие случаи: движение транспортного средства с перегрузом пассажиров, два случая движения транспорта без ремня безопасности; семь случаев различных нарушений технического состояния специальных транспортных средств; один случай эксплуатации транспортного средства с сильным износом протектора шин.

В завершении собрания генеральный директор завода Мурат Досмуратов напомнил собравшимся, что жизнь и здоровье работника – всегда в приоритете, как и соблюдение правил безопасности, которые являются обязанностью каждого работника на нашем предприятии. Он отметил также, что в причинах не-



счастных случаях на ПКООП наблюдается человеческий фактор и ослабление контроля.

Этой же информацией А. Димукашев поделился на втором совещании – с работниками ТОО «АНПЗ». Кроме того, он сообщил, что в ходе инспекции территории завода, работники службы БиОТ выявили участки дороги с неисправными осветительными приборами и участки, на которых осветительные приборы вовсе отсутствуют. Устранить проблемы с освещением поручено Отделу главного энергетика, при этом Димукашев отметил, что информация о неисправном освещении или его отсутствии должна своевременно поступать в том числе и из производственных подразделений. Он напомнил руководителям производств, что недостаток освещения в темное время суток повышает риск дорожно-транспортных и производственных происшествий.

Главный технический руководитель проинформировал собравшихся, что на объектах завода в данное время передвигается значительное количество транспортных средств, что повышает риск возможных ДТП.

Тему автотранспорта на территории завода продолжил главный инженер ТОО «АНПЗ» Рахимжан ЖАНГАБЫЛОВ. Он сообщил, что количество транспортных средств, включая транспорт подрядных организаций, на-

прямую не связанных с осуществлением производственной деятельности, необходимо снижать. Такое решение направлено на сохранение мер транспортной безопасности на территории и как профилактика дорожно-транспортных происшествий на заводских дорогах.

– *Несчастные случаи на ПКООП – это тревожный сигнал. Мы не станем дожидаться таких инцидентов на нашем производстве, поэтому провели и проводим мероприятия по их предотвращению. Вопрос с большим количеством автотранспорта на заводе находится в этой же плоскости,* – отметил Жангабылов и дал в этой связи ряд поручений Отделу корпоративной безопасности, Службе безопасности и охраны труда и административному отделу, в том числе о разработке более четких критериев для получения разрешений для въезда транспортных средств на территорию завода, а также по содержанию внутривозовских дорог с учетом меняющихся погодных условий.

Главный инженер завода призвал руководителей производств и подрядных организаций к строгому соблюдению мер безопасности и персональной ответственности за жизнь и здоровье нефтепереработчиков не только в связи с инцидентами, но и на постоянной основе.

## Меры по недопущению несчастных случаев на производстве

### На транспорте

1. Согласно Регламенту безопасной эксплуатации транспортных средств ТОО «АНПЗ», при гололёде в совокупности с другими метеорологическими условиями (гололед, снег, туман, дождь и т. д.).
2. Проведение инструктажей перед выпуском автотранспортных средств на линию, учитывая метеорологические условия (гололед, снег, туман, дождь и т. д.).
3. Своевременная замена шин, соответствующих времени года.
4. Соблюдение скоростного режима на объектах предприятия.
5. Выпуск на линию технически исправных транспортных средств.
6. Проведение внеплановых совещаний и инструктажей с водителями транспортных средств подрядных организаций для недопущения случаев нарушения ТБ и ОТ.
7. Недопущение эксплуатации транспортных средств на производстве, не имеющих ремней безопасности.
8. Контроль БДД ответственными лицами на территории объекта.
9. Очистка проезжей части дороги от снега и снежно-ледяных отложений.
10. Использование на перекрестках, пешеходных дорожках фракционных противогололедных материалов (песок, мелкий гравий, солянодерживающие вещества).

### Безопасность труда

1. Соблюдение Общезаводских правил и инструкций по безопасности труда, инструкция №0-29 «по безопасному выполнению грузоподъемных работ».
2. Соблюдение правил обеспечения промышленной безопасности при эксплуатации грузоподъемных механизмов.
3. Проведение внеочередного инструктажа с операторами крановой техники и водителями парка специального транспорта.
4. Проведение внеочередной проверки технического состояния крановой техники, манипуляторов, АГП и грузоподъемных механизмов.
5. При выполнении грузоподъемных работ назначить ответственных лиц за безопасную подготовку и выполнение грузоподъемных работ с соблюдением всех мер безопасности.
6. Не допускать/останавливать работу крановой техники, манипуляторов и АГП при ухудшении погодных условий (ветер, дождь, туман), не обеспечивающих безопасное проведение работ.
7. Не допускать к работе ответственных лиц/исполнителей работы, не имеющих СИЗ, СИЗОД, квалификационных удостоверений и своевременно не прошедших освидетельствование крановой техники, манипуляторов и АГП.





**МАҢЫЗДЫ**



## Аманат бастауыш партия ұйымы жиын өткізді

Маңызды жиынның күн тәртібінде екі мәселе қарастырылды. Алдымен зауыттықтар алдында гидрогендік процестер өндірісінің аға операторы, «АМӨЗ» ЖШС партия ұйымының мүшесі, облыстық мәслихаттың 7 шақырылым депутаты Бексұлтан ДҮЙСЕНҒҰЛ екі жылда атқарған жұмысын тізбеледі. Екінші кезекте Аманат партиясы Атырау қалалық филиалының кезектен тыс конференциясына қатысатын делегаттарды сайлау ұсынылды.

Жас депутат алғы сөзінде 2020 жылы алғаш рет «Праимериз» атауымен өткен партияшілік сайлауда Атырау облыстық мәслихатқа депутат ретінде сайланғанын атап өтті.

– Мен үшін депутат ретінде атқарған жұмыстарым үлкен тәжірибе. Қысқа мерзім ішінде булану алаңындағы көріз суларды тазалау ғимараттарын салу үшін бюджеттен қаражат бөлінуіне атсалыстым. Қаламыздағы әрбір тұрғын Жайық өзені үшін алаңдаулы. Бұл мәселені депутаттық корпуспен бірлесіп мәжіліске, министрлікке жеткіздік. Бүгінгі таңда Жайық, Қиғаш өзендерінің су көлемін арттыру мақсатында гидрологиялық режимді жақсарту жұмыстары басталды. Бұдан бөлек, тұрғындардың жеке сауалдарына қатысты қабылдау өткізілді. Қабылдау аясында жұмыссыздық және өзге де әлеуметтік мәселелер қарастырылды. Тозығы жеткен үйлерді көшіру, қоқыс полигондарын толықтай жаңарту жұмыстарына бюджеттен қаражат бөлінуіне қол жеткіздік.

Бұған қоса, Б. Дүйсенғұл Атырау облысының Аманат партиясының атқарған жүйелі жұмыстарына тоқталды. Атап өтерлігі, сайлауды уәделер шеңберінде 4 жаңа өнеркәсіп нысандары іске қосылған. Олар: тығыздалған ауа және

азот шығаратын қондырғылар құрылысы, Құлсары қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін 2 көшең Махамбет ауданындағы «Бизнес-инкубатор» кәсібі.

Сөз алған қоғаммен байланыс, мемлекеттік органдармен, мердігерлік ұйымдармен жұмыс және әкімшілік мәселелер жөніндегі департамент директоры Серік АРЫСТАН 19 наурызда өтетін мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлаудың бұрын-соңды өткен сайлаулардан өзгеше болатынын айтып, жиналғандарды сайлау науқанына белсенді қатысып, таңдау жасауға шақырды.

– Сайлау мажоритарлық деңгейде өтеді. Яғни әр адам немесе қоғамдық бірлестіктер өзін-өзі ұсыну арқылы сайлауға түседі. Мәслихат депутаттарының 50%-ы мажоритарлық жүйе бойынша, 50%-ы саяси партиялық тізімдер арқылы, ал парламент мәжіліс депутаттарының 30%-ы мажоритарлық жүйе бойынша, 70% саяси партиялық тізімдер арқылы сайланбақ. Қазақтың аса көрнекті ағартушысы Міржақып Дулатов «Жақсы болу үшін депутат болу шарт емес, депутат болу үшін жақсы болу шарт», – деген өкпе. Депутаттар көптеген жүйелі жұмыстарды бірлесе атқаратыны белгілі. Бірақ солардың арасында халықтың мәселесін көтеріп жүрген азамат депутат болса өкпе дейміз. Біз жастарға сенеміз, елді басқаратын жас буын болғаны абзал. Сондықтан елдің қамы мен жағдайын ойлайтын, көкірегінде патриоттық сезімі бар, болашақтың жарқын болуы үшін еңбек ететін азаматтарға дауыс берейік, – деп нақтылады ол.

Ал «АМӨЗ» ЖШС бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақыт ӨТЕБАЛЫ зауыттықтардың арасында депутат атанып, Б. Дүйсенғұлдың бастамаларын жалғастырамын деушілерге қолдау білдіретінін жеткізді.

Алқалы жиын соңында зауыт қызметкерлерінің қолдауымен Серік Арыстан, Бақыт Өтебалы, Асқар Ермышев пен Бексұлтан Дүйсенғұл Аманат партиясы Атырау қалалық филиалының кезектен тыс конференциясына қатысатын делегаттар ретінде сайланды.



Бексұлтан ДҮЙСЕНҒҰЛ

«НОВАТОР» басылымы №3.  
3 ақпан 2023 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
060001, Атырау қ.,  
«АМӨЗ» ЖШС, 3.Қабдолов к-сі, 1  
тел.: 8 (7122) 25-95-84

Газет «Print House Gerona» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Алматы қ, Помяловский к-сі,  
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,  
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39  
Тиражы 1200 дана  
Тапсырыс №3

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
бастығы – Ш.Какимжанова.  
«MEDYAGROUP» ЖК:  
жетекшісі – Д.Мұхамбетов  
Редакторлар – И.Козонова,  
А.Қанатаева.  
Суретке түсіруші - Б. Амантаев.

Газет  
Қазақстан Республикасының  
баспасөз және бұқаралық ақпарат  
министрлігінде 1992 жылғы  
27 мамырда тіркеліп,  
тіркеу туралы  
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама  
материалдары мен  
хабарландырулар,  
құттықтаулар және көңіл айту  
мазмұнына жауап бермейді.

**НОВАТОР**

### ВНИМАНИЕ УВАЖАЕМЫЕ ЗАВОДЧАНЕ!

Отчетная встреча генерального директора  
(Председатель Правления) ТОО «АНПЗ»  
**Мурата Абиевича Досмуратова**  
с делегатами трудовых коллективов структурных  
подразделений Товарищества  
по итогам 2022 года  
состоится **24 февраля 2023 года.**

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТТЫҚТАР!

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры (Басқарма төрағасы)  
**Досмуратов Мурат Абиевичтың**  
Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері  
еңбек ұжымдарының делегаттарымен  
2022 жылдың қорытындысы бойынша есептік кездесуі  
**2023 жылдың 24 ақпанда өтеді.**

**СПОРТ**



## Бүгінгі жетістіктер

Атырау мұнай өңдеу зауыты өндіріспен ғана емес, спорт жетістіктерімен танымал. Өткен жылы топтық ұпай бойынша «АМӨЗ» ЖШС командасы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының еншілес және тәуелді командалары арасында I орынды бағындырған еді.

Бүгінде зауыт спорт саласында жетістіктерге жетуде. Өткен жылдың желтоқсанында тәуелсіздік күніне орай волейболдан қыздар арасында Абай орталығының спорттық кешенінде Атырау қаласының ашық біріншілігі өтті. Бұл байқауға «Атырау мұнай өңдеу зауыты» және өзге командалардан «Болашақ», «Микс Атырау», «Исатай», «Eagles», «Атырау мемлекеттік университеті», «Махамбет», «Аманат», «Батыс» командалары қатысты. Нәтижесінде зауыттың атынан шыққан волейболдан қыздар командасы I орынды жеңіп алды.

Зауыттық волейболдан ерлер командасы да қалыс қалмай, тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған Атырау қаласының әуесқой командалары арасында өткен турнирде күміс жүлдегерін иеленген болатын. Осының алдында қараша айында өткен «Құлсары әкімінің кубогы» байқауында да 12 команда арасынан күміс жүлдегері атанды.

– Біздің команданың үздік ойыншылары – **Тұрар САДАУОВ, Айбар НҰРЫМОВ, Ануар ЧЕРКЕШБАЕВ, Ержан ЖҰМАБЕКОВ.** Қазіргі кезде барлық ойыншылар дұрыс тамақтану режимінде және апта-

сына 2 рет жаттығып жүр. Бастысы олардың әрқайсысының мақсаты бір және олардың талай жеңіс тұғырынан көрінетініне сенемін, – дейді волейболдан ерлер командасының капитаны **Данияр ЧЕРКЕШБАЕВ.**

Сонымен қатар өткен жылдың мамыр айында зауыттың **Қанат МУСИН** бастаған баскетбол командасы Оралда өткен әуесқой командалар арасындағы ашық халықаралық турнирде бақ сынасты. Бұл байқауға әуесқой ойыншылар Оренбург, Орск, Ақсай, Ақтөбе қалаларынан арнайы келген. Байқау нәтижесі бойынша зауыттың баскетбол командасы I орын мен алтын медальді ұтып алды. Ал үздік ойыншы ретінде зауыт қызметкері **Бауыржан ЖАРБОСЫНОВ** танылды. Сондай-ақ қараша айында зауыттың футбол командасы 5x5 форматтағы әуесқой лига чемпионатына қатысып, 12 команда арасынан IV орынды місе тұтты.

Спортшылардың осындай сүбелі жетістіктері зауыт үшін үлкен абырой. Осындай белсенділіктен зауыт спортшылары түрлі дүбірлі додаларда топ жарып, жарқын белестерді бағындырады деп сенеміз!

Выражаем глубокое соболезнование машинисту технологических насосов парка хранения и эстакады налива ароматических углеводородов ПИТН Салавату Жумагазиеву в связи с кончиной отца.